

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне
көрнекі ақпарат мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»
Қазақстан Республикасы Заңының жобасына
САЛЫСТЫРМА КЕСТЕ**

Р/с №	Құры- лымдық бөлік	Заңнамалық актінің редакциясы	Жобаның редакциясы	Ұсынылып отырған өзгерістің немесе толықтырудың редакциясы	Өзгерістің немесе толықтырудың авторы және оның негіздемесі	Бас комитеттің шешімі Негіздеме (қабылдан- баған жағдайда)
1	2	3	4	5	6	7
1.	Жобаның тақырыбы		«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көрнекі ақпарат мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»	Мынадай редакцияда жазылсын: «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көрнекі ақпарат және діни қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»;	Депутаттар Б. Әбдіғалиұлы, Ж.С. Әшімжанов, Ж.Ә. Ахметбеков, И.Ю. Буларов, Ю.В. Жулин, З.А. Камасова, заң техникасы, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР-ның Заңына түзетулер енгізілуіне байланысты.	Қабыл- данды
<p align="center">1. 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі</p>						

2.	<p>1-баптың 1-тармағының жаңа төртінші және бесінші абзацтары</p> <p><i>(«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексінің 110-бабының 12-тармағының жаңа үшінші бөлігі)</i></p>	<p>110-бап. Темекі бұйымдарын, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды, қорқорға арналған темекіні, қорқор қоспасын, темекі қыздыруға арналған жүйелерді, тұтынудың электрондық жүйелерін және оларға арналған сұйықтықтарды және алкогольді тұтыну профилактикасы және оны шектеу</p> <p>...</p> <p>12. Шегілетін темекі бұйымының қорабында, шегілетін темекі бұйымының қаптамасында Еуразиялық экономикалық одақтың Темекі өніміне арналған техникалық регламентінде бекітілген талаптарға сәйкес темекі бұйымдарын</p>	Жоқ.	<p>Мынадай мазмұндағы екінші және үшінші абзацтармен толықтырылсын:</p> <p>«__» 110-баптың 12-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:</p> <p>«Темекі бұйымдарын тұтынудың зияны туралы ескертудің мәтіні «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келуге тиіс.»»;</p> <p><i>(тармақшалардың кейінгі нөмірленуі тиісінше өзгертілсін)</i></p>	<p>Депутаттар Д.К. Әлімбаев, Ә.М. Әбсеметова, Б. Әбдіғалиұлы, Ж.Т. Телпекбаева, М.М. Тәжмағамбетова, Еуразиялық экономикалық одақтың темекі өніміне арналған техникалық регламентінің 26-тармағына сәйкес «Темекі өнімі туралы ақпарат орыс тілінде және осы темекі өнімін өткізу жүзеге асырылатын мүше мемлекеттің заңнамасында тиісті талаптар болған кезде мүше мемлекеттің мемлекеттік (мемлекеттік) тілінде (тілдерінде) жазылады». «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабына сәйкес «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық</p>	Қабылданды
----	---	---	------	---	--	------------

		<p>тұтынудың зияны туралы ескерту болуға тиіс.</p> <p>Темекі бұйымдарының, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдардың, қорқорға арналған темекінің, қорқор қоспасының тұтыну қаптамасында темекі бұйымдарын тұтынудың және никотиннің зияны туралы ескерту болуға тиіс, ол мынадай талаптарға сәйкес келуге:</p> <p>1) темекі бұйымы қорабының, темекі бұйымы, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдардың, қорқорға арналған темекінің, қорқор қоспасы қаптамасының ауданы бойынша әрбір үлкен жағының кемінде алпыс бес пайызын</p>			<p>қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі».</p> <p>Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабына сәйкес «Қазақстанда өндірілетін тауарлардың арнайы мәліметтер көрсетілген тауарлық жапсырмаларында (этикеткаларында), таңбаламаларында, нұсқаулықтарында мемлекеттік тілде және орыс тілінде қажетті ақпарат болуға тиіс.</p> <p>Шетелде өндірілген тауарлардың арнайы мәліметтері бар тауарлық жапсырмалары (этикеткалары), таңбаламалары, нұсқаулықтары импорттаушы</p>	
--	--	--	--	--	--	--

		<p>алып тұруға; 2) мөлдір орауыш пленкаға немесе қандай да бір басқа сыртқы орауыш материалға басылмауға; 3) мәтінді қамтитын түрлі-түсті суреттер (пиктограммалар, графикалар) немесе фотобейнелер түрінде орындалуға тиіс.</p> <p>Жоқ.</p> <p>Темекі бұйымдарын тұтынудың және никотиннің зияны туралы ескертулердің эскиздерін уәкілетті орган бекітеді.</p> <p>Өндіруші, импорттаушы темекі өнімінің тұтыну қаптамасына ескертулердің эскиздерін олар бекітілген күннен бастап он екі айдан аспайтын мерзімде эскиздерге сәйкес салуды қамтамасыз етуге тиіс.</p>			<p>ұйымдардың қаражаты есебінен мемлекеттік және орыс тілдеріндегі аудармасымен қамтамасыз етіледі».</p> <p>Қазақ әліпбиінің латын графикасына көшу кезеңінде көптеген ресми құжаттар латын графикасы негізінде жазылатын болады.</p> <p>Көрнекі ақпараттың сәйкес келмеуі болашақта белгілі бір қиындықтар тудыруы мүмкін.</p> <p>Бұдан басқа, ұсыныс «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңының 21-бабының жаңа жетінші бөлігіне ұсынылған түзетумен үйлестірілді.</p>	
--	--	--	--	--	---	--

		Ескертулердің эскиздері темекі өнімінің, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдардың, қорқорға арналған темекінің, қорқор қоспасының тұтыну қаптамаларының тең санына салынады.				
3.	1-баптың 1-тармағы 1) тармақшасының үшінші абзацы <i>(«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексінің 242-бабының 1-тармағы)</i>	242-бап. Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды таңбалау 1. Дәрілік заттар қаптамасына (бастапқы және қайталама) қазақ және орыс тілдерінде жақсы оқылатын қаріппен басылған таңбамен, медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулығымен (қосымша парақ) айналысқа түсуге тиіс.	«1. Дәрілік заттар қаптамасына (бастапқы және қайталама) қазақ және орыс тілдерінде басылған таңбамен, медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулығымен (қосымша парақ) айналысқа түсуге тиіс.	Мынадай редакцияда жазылсын: «1. Дәрілік заттар қаптамасына (бастапқы және (немесе) қайталама) қазақ және орыс тілдерінде жақсы оқылатын қаріппен басылған таңбамен және қазақ және орыс тілдеріндегі медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықпен (қосымша парақпен) айналысқа түсуге тиіс.»;	Депутаттар Б. Әбдіғалиұлы, З.А. Камасова, Л.П. Павловец, редакциялық түзету.	Қабылданды
4.	1-баптың	242-бап. Дәрілік	Таңбалау мәтіні	Мынадай	Депутаттар	Қабыл-

	<p>1-тармағы 1) тармақ-шасының төртінші абзацы</p> <p><i>(«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексінің 242-бабы 1-тармағының жаңа екінші бөлігі)</i></p>	<p>заттар мен медициналық бұйымдарды таңбалау</p> <p>1. Дәрілік заттар қаптамасына (бастапқы және қайталама) қазақ және орыс тілдерінде жақсы оқылатын қаріппен басылған таңбамен, медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулығымен (қосымша парақ) айналысқа түсуге тиіс.</p> <p>Жоқ.</p>	<p>«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес жазылады.»;</p>	<p>редакцияда жазылсын: «Таңбалау және медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулық (қосымша парақ) мәтіндері «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келуге тиіс.»;</p>	<p>Б. Әбдіғалиұлы, З.А. Камасова, Л.П. Павловец, редакциясын нақтылау. Себебі медицинада қолданылуы жөніндегі нұсқаулық (қосымша парақ) «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес жазылуы тиіс. Бұдан басқа, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңының 21-бабының жаңа жетінші бөлігіне ұсынылған түзетумен үйлестірілді.</p>	<p>данды</p>
5.	<p>1-баптың 1-тармағы 1) тармақ-шасының алтыншы абзацы</p> <p><i>(«Халық денсаулығы және денсаулық</i></p>	<p>242-бап. Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды таңбалау ...</p> <p>3. Медициналық бұйымдар тікелей медициналық бұйымдарға және (немесе) қаптамасына басылған таңбамен,</p>	<p>«3. Медициналық бұйымдар тікелей медициналық бұйымдарға және (немесе) қаптамасына басылған таңбамен, медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулығымен немесе медициналық бұйымға арналған</p>	<p>Мынадай редакцияда жазылсын: «3. Медициналық бұйымдар қазақ және орыс тілдерінде тікелей медициналық бұйымдарға және (немесе) қаптамасына басылған таңбамен және медициналық бұйымға арналған</p>	<p>Депутаттар Б. Әбдіғалиұлы, З.А. Камасова, Л.П. Павловец, редакциялық түзету.</p>	<p>Қабыл-данды</p>

	<i>сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексінің 242-бабының 3-тармағы)</i>	медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулығымен немесе медициналық бұйымға арналған пайдалану құжатымен айналысқа түсуге тиіс.	пайдалану құжатымен айналысқа түсуге тиіс.	медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықпен немесе пайдалану құжатымен айналысқа түсуге тиіс.»;		
6.	1-баптың 1-тармағы 1) тармақшасының жетінші абзацы <i>(«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексінің 242-бабы 3-тармағының жаңа екінші бөлігі)</i>	242-бап. Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды таңбалау ... 3. Медициналық бұйымдар тікелей медициналық бұйымдарға және (немесе) қаптамасына басылған таңбамен, медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулығымен немесе медициналық бұйымға арналған пайдалану құжатымен айналысқа түсуге тиіс. Жок.	Таңбалау мәтіні «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес жазылады ».»;	Мынадай редакцияда жазылсын: «Таңбалаудың, медициналық бұйымға арналған медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықтың немесе пайдалану құжатының мәтіндері «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келуге тиіс .»;	Депутаттар Б. Әбдіғалиұлы, З.А. Камасова, Л.П. Павловец, редакциясын нақтылау. Себебі медициналық бұйымды медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулық немесе медициналық бұйымға арналған пайдалану құжаты «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес жазылуға тиіс. Бұдан басқа, ұсыныс «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңының 21-бабының жетінші бөлігіне ұсынылған түзетумен үйлестірілді.	Қабылданды

7.	<p>1-баптың 1-тармағы 2) тармақшасының бірінші және жаңа екінші, үшінші және төртінші абзацтары</p> <p><i>(«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексінің 251-бабы 1-тармағының жаңа екінші бөлігі)</i></p>	<p>251-бап. Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды Қазақстан Республикасының аумағына әкелу тәртібі</p> <p>1. Қазақстан Республикасының аумағына дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды әкелу Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына және (немесе) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік реттеу саласындағы халықаралық шарттары мен актілеріне сәйкес, уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.</p> <p>Қазақстан Республикасында тіркелген дәрілік препараттарды</p>	<p>2) 251-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:</p> <p>«Стикерлердің мәтіні «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес жазылады.».</p>	<p>Бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«2) 251-баптың 1-тармағында: екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«Уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен, Қазақстан Республикасында бекітілген шекті көтерме және бөлшек сауда бағасынан төмен бағамен өткізу үшін Қазақстан Республикасында тіркелген дәрілік препараттарды қазақ және орыс тілдерінде жақсы оқылатын қарпі бар стикерлер пайдаланыла отырып және Қазақстан Республикасында тіркелген медициналық бұйымдарды қазақ және орыс тілдерінде стикерлер</p>	<p>Депутат Б. Әбдіғалиұлы, З.А. Қамасова, Л.П. Павловец, редакциясын нақтылау, осы Кодекстің 242-бабына берілген ұсыныстарға ұқсастық бойынша.</p>	<p>Қабылданды</p>
----	---	--	---	--	---	--------------------------

		уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен, оларды Қазақстан Республикасында бекітілген шекті көтерме және бөлшек сауда бағасынан төмен өткізу үшін қазақ және орыс тілдерінде жақсы оқылатын қаріпі бар стикерлер пайдаланыла отырып, медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулығымен (қосымша парақ) қоса әкелуге жол беріледі. Жоқ.		пайдаланыла отырып және қазақ және орыс тілдеріндегі медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықпен (қосымша парақпен) не медициналық бұйымға арналған медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықпен немесе пайдалану құжатымен қоса әкелуге жол беріледі.»; мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:»;		
8.	1-баптың 1-тармағы 2) тармақшасының екінші абзацы <i>(«Халық денсаулығы және денсаулық</i>	251-бап. Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды Қазақстан Республикасының аумағына әкелу тәртібі 1. Қазақстан Республикасының аумағына дәрілік заттар мен медициналық	«Стикерлердің мәтіні «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес жазылады.».	Мынадай редакцияда жазылсын: «Стикерлердің, медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықтың (қосымша парақтың), медициналық бұйымға арналған медициналық	Депутаттар Б. Әбдіғалиұлы, З.А. Камасова, Л.П. Павловец, редакциясын нақтылау. Себебі медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулық (қосымша парақ) та «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан	Қабылданды

	<p>сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексінің 251-бабы 1-тармағының жаңа үшінші бөлігі)</p>	<p>бұйымдарды әкелу Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына және (немесе) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік реттеу саласындағы халықаралық шарттары мен актілеріне сәйкес, уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.</p> <p>Қазақстан Республикасында тіркелген дәрілік препараттарды уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен, оларды Қазақстан Республикасында бекітілген шекті көтерме және бөлшек сауда бағасынан төмен өткізу үшін қазақ және орыс тілдерінде жақсы оқылатын қаріпі бар стикерлер пайдаланыла отырып, медици-</p>		<p>қолдану жөніндегі нұсқаулықтың немесе пайдалану құжатының мәтіндері «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келуге тиіс.».</p>	<p>Республикасы Заңының талаптарына сәйкес жазылуға тиіс. Бұдан басқа, ұсыныс «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» ҚР Заңының 21-бабының жаңа жетінші бөлігіне ұсынылған түзетумен үйлестірілді.</p>	
--	--	--	--	--	---	--

		налық қолдану жөніндегі нұсқаулығымен (қосымша парақ) қоса әкелуге жол беріледі. Жоқ.				
3. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы						
9.	1-баптың 2) тармақшасының екінші абзацы <i>(«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңының 1-бабының жаңа 5-1) тармақшасы)</i>	1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады: ... 5-1) жоқ;	«5-1) мәтіннің теңтүпнұсқалы аудармасы – мәтіннің мағынасын, мазмұнын және нысанын өзгеріссіз сақтайтын аударма;»;	Мынадай редакцияда жазылсын: «5-1) мәтіннің теңтүпнұсқалы аудармасы – түпнұсқаның мағынасы мен мазмұнын өзгеріссіз сақтайтын мәтіннің басқа тілге аудармасы; »;	Депутат Д.Н. Назарбаева, жазбаша мәтіннің аудармасы ауызша түрде және керісінше жүзеге асырылуы мүмкін. Осыған орай, «және нысанын» деген сөздерді алып тастауды ұсынамыз.	Қабылданды
10.	1-баптың 3-тармағының жаңа ___) тармақшасы	3-бап. Қазақстан Республикасындағы тіл туралы заңдар Қазақстан Республикасындағы тіл туралы заңдар	Жоқ.	Мынадай мазмұндағы жаңа ___) тармақшамен толықтырылсын: «___) 3-бапта: тақырыптағы және	Әлеуметтік-мәдени даму комитеті, заң техникасы. Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексiнiң	Қабылданды

	(«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңының 3-бабы)	Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан, тілдерді қолдануға және дамытуға қатысты Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады. Тіл туралы заңдар Қазақстан Республикасының азаматтарына, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға қолданылады.		бірінші бөліктегі «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы заңдар» деген сөздер «Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасы» деген сөздермен ауыстырылсын; екінші бөліктегі «Тіл туралы заңдар» деген сөздер «Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасы» деген сөздермен ауыстырылсын;»);»; (тармақшалардың кейінгі нөмірленуі тиісінше өзгертілсін)	75-бабымен (75-бап. Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық), «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңының 24, 25, 25-2 және 25-4-баптарымен үйлестіру мақсатында, онда «Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасы» деген сөз тіркесі пайдаланылады.	
11.	1-баптың 3-тармағының жаңа ___) тармақшасы («Қазақстан Республика-	19-бап. Топонимикалық атауларды, ұйымдардың атауларын пайдалану тәртібі Әкімшілік-аумақтық бірліктердің, елді	Жоқ.	Мынадай мазмұндағы жаңа ___) тармақшамен толықтырылсын: «___) 19-бапта: тақырыптағы «, ұйымдардың атауларын» деген	Депутат Б. Әбдіғалиұлы, ҚР Конституциясының 7-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі.	Қабылданды

	<p><i>сындағы тіл туралы» ҚР Заңының 19-бабы)</i></p>	<p>мекендердің құрамдас бөліктерінің, сондай-ақ басқа да физика-географиялық объектілердің дәстүрлі, тарихи қалыптасқан қазақша атаулары басқа тілдерде транслитерация ережелеріне сәйкес берілуге тиіс. Мемлекеттік ұйымдардың, олардың құрылымдық бөлімшелерінің атаулары мемлекеттік тілде және орыс тілінде беріледі. Бірлескен, шетелдік ұйымдардың атаулары мемлекеттік тілде және орыс тілінде транслитерация арқылы беріледі.</p>		<p>сөздер алып тасталсын; бірінші бөліктегі «басқа тілдерде транслитерация ережелеріне сәйкес берілуге тиіс» деген сөздер «мемлекеттік тілде жазылады» деген сөздермен ауыстырылсын; екінші бөлік алып тасталсын;»;</p> <p><i>(тиісінше «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңының 1-бабының 7) тармақшасы алып тасталсын)</i></p>	<p>Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2007 жылғы 23 ақпандағы № 3 қосымша қаулысына сәйкес мемлекеттік тіл мәртебесінің үстем болуы Конституциямен баянды етілгенін және <i>заңдарда оның жария-құқықтық салада қолданылуының айрықшалығы не басымдылығы белгіленуінің</i> мүмкіндігін білдіреді. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асыру жөніндегі 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның міндеттерінің бірі идеологиялық тұрғыдан ескірген ономастикалық атауларды өзгерту, географиялық объектілерге ҰЛТТЫҚ мәнде атау беру процесін жандандыру болып табылады.</p>	
--	---	--	--	---	---	--

					<p>Айталық, 2018 жылы Павлодар облысының Качиры және Лебяжі аудандарының атаулары Тереңкөл және Аққулы болып өзгертілді. Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан облысы болып қайта аталды. Ұлттық тіл заңдылықтарына сәйкес Батыс Қазақстан облысы Чингирлау ауданының атауы Шыңғырлау болып өзгертілді. Шығыс Қазақстан облысында Зырян ауданы және Зырянск қаласы тиісінше Алтай ауданы және Алтай қаласы болып қайта аталды.</p> <p>Осыған байланысты, әкімшілік-аумақтық бірліктердің, елді мекендердің құрамдас бөліктерінің, сондай-ақ басқа да физика-географиялық объектілердің атауларын <i>мемлекеттік тілде жазу</i> ұсынылады.</p> <p>2. Осы баптың екінші бөлігін алып тастау</p>	
--	--	--	--	--	---	--

					ұсынылады, өйткені ұйымдар атауларының мәселелері «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңының 21-бабымен реттеледі.	
12.	1-баптың 3-тармағы 2) тармақшасының жаңа екінші – алтыншы абзацтары («Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңының 21-бабының жаңа үшінші, төртінші және бесінші бөліктері)	21-бап. Деректемелер мен көрнекі ақпарат тілі ... Жоқ. Жоқ.	Жоқ.	Мынадай мазмұндағы жаңа екінші – алтыншы абзацтармен толықтырылсын: «мынадай мазмұндағы бірінші , үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші бөліктермен толықтырылсын: «Мемлекеттік ұйымдардың бланкілері мемлекеттік тілде және орыс тілінде, қажет болған кезде басқа тілдерде де жазылады. Мемлекеттік емес ұйымдардың бланкілері мемлекеттік тілде, қажет болған кезде	Депутат Б. Әбдіғалиұлы, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңының 8-бабының екінші бөлігіне сәйкес мемлекеттік емес ұйымдардың жұмысында мемлекеттік тіл және қажет болған кезде басқа да тілдер қолданылады. Ұсынылып отырған ұсыныстар маңдайшаларды әдеби қазақ тілінің нормаларына сәйкес орналастыруды реттеуге бағытталған. Бұған қоса, маңдайшаны екі тілде жазудың қажеті жоқ елді мекендер бар. Ал оларды екі тілде орналастыру бойынша міндетті норма, сыпайы түрде айтқанда,	Қабылданды

		Жок.		<p>орыс тілінде және (немесе) басқа тілдерде де жазылады.</p> <p>Мемлекеттік ұйымдардың маңдайшалары мемлекеттік тілде және орыс тілінде, қажет болған кезде басқа тілдерде де орналастырылады.</p> <p>Мемлекеттік емес ұйымдардың маңдайшалары мемлекеттік тілде, қажет болған кезде орыс тілінде және (немесе) басқа тілдерде де орналастырылады.</p> <p>Мемлекеттік емес ұйымдардың маңдайшаларында пайдаланылатын, Қазақстан Республикасында қорғалатын тауар белгілері өзгермеген түрінде жазылады.»;</p> <p><i>(қолданысқа 2022 ж.</i></p>	халықтың түсінбеуіне алып келеді.	
		Жок.				

				<i>01.01-дан бастап енгізілсін)</i>		
13.	1-баптың 3-тармағы 2) тармақ- шасының жаңа екінші және үшінші абзацтары («Қазақстан Республика- сындағы тіл туралы» ҚР Заңының 21-бабының жаңа үшінші бөлігі)	21-бап. Деректемелер мен көрнекі ақпарат тілі ... Жоқ.	Жоқ.	Мынадай мазмұндағы жаңа екінші және үшінші абзацтармен толықтырылсын: «мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын: «Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, жол белгілеріндегі жазбалар мемлекеттік тілде жазылады.»»; (қолданысқа 2022 ж. 01.01-дан бастап енгізілсін)	Депутат Б. Әбдіғалиұлы, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңының 8-бабының екінші бөлігіне сәйкес мемлекеттік емес ұйымдардың жұмысында мемлекеттік тіл және қажет болған кезде басқа да тілдер қолданылады. Ұсынылып отырған ұсыныстар маңдайшаларды әдеби қазақ тілінің нормаларына сәйкес орналастыруды реттеуге бағытталған. Бұған қоса, маңдайшаны екі тілде жазудың қажеті жоқ елді мекендер бар. Ал оларды екі тілде орналастыру бойынша міндетті норма, сыпайы түрде айтқанда, халықтың түсінбеуіне алып келеді. Егер мемлекеттік емес	Қабыл- данды

					<p>ұйымның атауында Қазақстан Республикасында қорғалатын тауар белгісі пайдаланылған жағдайда, онда ол өзгеріссіз түрде жазылуға тиіс. Сонымен бірге, бір мезгілде ол мемлекеттік тілде транслитерация қағидаларына сәйкес айтылуға да міндетті.</p> <p>Қазақстан 2009 жылғы 31 желтоқсанда ратификациялаған Біріккен Ұлттар Ұйымының Жол белгілері мен сигналдары туралы конвенциясына сәйкес жол белгілеріндегі жазулар ұлттық тілде немесе бір немесе бірнеше ұлттық тілдерде, бұдан басқа, егер тиісті Уағдаласушы Тарап мұны қажет деп тапса, басқа тілдерде, атап айтқанда Біріккен Ұлттар Ұйымының ресми тілдерінде орындалады.</p> <p>Осыған орай жол</p>	
--	--	--	--	--	--	--

					белгілеріндегі жазуларды – мемлекеттік тілде, ал халықаралық және республикалық жолдарда ағылшын тілінде жазу ұсынылады.	
14.	1-баптың 3-тармағы 2) тармақшасының жаңа екінші және үшінші абзацтары («Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңының 21-бабының үшінші, бөлігі)	21-бап. Деректемелер мен көрнекі ақпарат тілі ... Бланкілер, маңдайшалар, хабарландырулар, жарнамалар, преysкуранттар, баға көрсеткіштері, басқа да көрнекі ақпарат мемлекеттік тілде және орыс тілінде, ал қажет болған жағдайда басқа да тілдерде жазылады.	Жоқ.	Мынадай мазмұндағы жаңа екінші және үшінші абзацтармен толықтырылсын: «үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын: «Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, хабарландырулар, жарнама, преysкуранттар, баға көрсеткіштері, ас мәзірлері, нұсқағыштар және басқа да көрнекі ақпарат мемлекеттік тілде, қажет болған кезде орыс тілінде және (немесе) басқа тілдерде де орналас-	Депутаттар Б. Әбдіғалиұлы, Қ.Ж. Иса, Ж.С. Әшімжанов, М.М. Тәжмағамбетова, редакциясын нақтылау. Бланкілер мен маңдайшалар жеке нормаларға бөлінгендіктен. Сонымен қатар, бірқатар қалаларда және елдің көптеген ауылдық елді мекендерінде визуалды ақпаратты бір уақытта екі тілде ұсынудың қажеті жоқ. Оларды екіге бөлудің міндетті нормасы, «жұмсартып айтқанда», халықты таң қалдырады. Бұдан басқа, өзге де заңнамалық актілерде мемлекеттік тілдің және басқа да тілдердің	Қабылданды

				<p>тырылады.»»»;</p> <p><i>(қолданысқа 2022 ж. 01.01-дан бастап енгізілсін)</i></p>	<p>міндетті түрде болуы жөніндегі талаптар белгіленген жағдайларды ескеру қажет. Мысалы, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР кодесінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың қаптамаларында, оларды медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықтарда қазақ және орыс тілдерінің міндетті түрде болуы белгіленген, «Теміржол көлігі туралы» ҚР Заңында осыған ұқсас талап дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың қаптамаларында қазақ және орыс тілдерінің темір жол станцияларында, вокзалдарда, пойыздарда және жолаушыларға, жөнелтушілерге (жүк жөнелтушілерге), алушыларға (жүк алушыларға) және т.б. қызмет көрсететін</p>	
--	--	--	--	--	--	--

					басқа да орындарда ақпарат беру.	
15.	1-баптың 3-тармағы 2) тармақшасының екінші және үшінші абзацтары <i>(«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңының 21-бабының алтыншы бөлігі)</i>	21-бап. Деректемелер мен көрнекі ақпарат тілі ... Көрнекі ақпараттың барлық мәтіні мынадай ретпен: мемлекеттік тілде - сол жағына немесе жоғарғы жағына, орыс тілінде он жағына немесе төменгі жағына орналасады, бірдей өлшемдегі әріптермен жазылады. Қажеттігіне қарай көрнекі ақпараттың мәтіндері қосымша басқа да тілдерге аударылуы мүмкін. Бұл жағдайда қаріп өлшемі нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптардан аспауға тиіс. Ауызша ақпарат, хабарландыру, жарнама мемлекеттік тілде, орыс және қажет болған жағдайда, басқа	алтыншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын: « Деректемелер мен көрнекі ақпараттың барлық мәтіні мынадай ретпен: мемлекеттік тілде – сол жағына немесе жоғарғы жағына, орыс тілінде оң жағына немесе төменгі жағына орналасады, бірдей өлшемдегі әріптермен жазылады. Қажеттігіне қарай деректемелер мен көрнекі ақпараттың мәтіндері қосымша басқа да тілдерге аударылуы мүмкін. Бұл жағдайда қаріп өлшемі нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптардан аспауға тиіс. Ауызша ақпарат, хабарландыру, жарнама мемлекеттік тілде, орыс және қажет	Екінші және үшінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын: «алтыншы бөліктегі «Көрнекі» , «көрнекі» деген сөздер тиісінше «Деректемелер мен көрнекі» , «деректемелер мен көрнекі» деген сөздермен ауыстырылсын;»;	Депутат Б. Әбдіғалиұлы , заң техникасы.	Қабылданды

		да тілдерде беріледі.	болған жағдайда басқа да тілдерде беріледі.»;			
16.	1-баптың 3-тармағы 2) тармақшасының төртінші абзацы («Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңының 21-бабы)		мынадай мазмұндағы жетінші бөлікпен толықтырылсын:	Мынадай редакцияда жазылсын: «мынадай мазмұндағы бірінші бөлікпен толықтырылсын:»;	Депутат Б. Әбдіғалиұлы, заң техникасы.	Қабылданды
17.	1-баптың 3-тармағының тоғызыншы және оныншы абзацтары («Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңының 25-5-бабының 2) тармақшасы)	25-5-бап. Ономастика жұмысының критерийлері Қазақстан Республикасының аумағындағы әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне, әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол	3) 25-5-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: «2) әдеби тіл және орфография нормаларына сәйкестік;».	мынадай редакцияда жазылсын: « 3) 25-5-баптың 2) тармақшасы «әдеби тіл» деген сөздерден кейін «және орфография» деген сөздермен толықтырылсын. »;	Әлеуметтік-мәдени даму комитеті, заң техникасы. Осы құрылымдық элементке енгізілетін басқа өзгерістердің болмауына байланысты.	Қабылданды

		<p>стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру және оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімдерін беру жөніндегі ономастика жұмысының критерийлері:</p> <p>...</p> <p>2) әдеби тіл нормаларына сәйкестік;</p>				
4. «Теміржол көлігі туралы» 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы						
18.	1-баптың 4-тармағы-	94-бап. Ақпарат, қызметтік іс	94-баптың 1-тармағы мынадай	1-екінші-төртінші абзацтар мынадай	Депутат Ж.С. Әшімжанов,	Қабылданды

	<p>ның екінші – төртінші абзацтары</p> <p><i>(«Теміржол көлігі туралы» ҚР Заңының 94-бабының 1-тармағы)</i></p>	<p>қағаздарын жүргізу және байланыс</p> <p>1. Тасымалдаушы жолаушыларға, жөнелтушілерге (жүк жөнелтушілерге), алушыларға (жүк алушыларға) тасымалдау жөнінде көрсетілетін қызметтер туралы қажетті және дұрыс ақпарат беруге міндетті.</p> <p>Теміржол станцияларында, вокзалдарда, поездарда және жолаушыларға, жөнелтушілер (жүк жөнелтушілер) мен алушыларға (жүк алушыларға) қызмет көрсетілетін басқа да орындарда ақпарат мемлекеттік тілде және орыс тілінде беріледі, сондай-ақ жергілікті халықтың мүддесін ескере отырып, басқа тілдерде де берілуі</p>	<p>редакцияда жазылсын:</p> <p>«1. Тасымалдаушы жолаушыларға, жөнелтушілерге (жүк жөнелтушілерге), алушыларға (жүк алушыларға) тасымалдау жөнінде көрсетілетін қызметтер туралы қажетті және дұрыс ақпарат беруге міндетті.</p> <p>Теміржол станцияларында, вокзалдарда, поездарда және жолаушыларға, жөнелтушілер (жүк жөнелтушілер) мен алушыларға (жүк алушыларға) қызмет көрсетілетін басқа да орындарда ақпарат мемлекеттік тілде және орыс тілінде беріледі, сондай-ақ жергілікті халықтың мүддесін ескере отырып, басқа тілдерде де берілуі</p>	<p>редакцияда жазылсын:</p> <p>«94-баптың 1-тармағында: екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«Теміржол станцияларында, вокзалдарда, пойыздарда және жолаушыларға, жөнелтушілерге (жүк жөнелтушілерге), алушыларға (жүк алушыларға) қызмет көрсететін басқа да орындарда ақпарат мемлекеттік тілде және орыс тілінде, қажет болған кезде басқа тілдерде де беріледі.»;</p> <p>мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:»;</p>	<p>Қазақстан аумағында жолаушыларды қызмет көрсету орындарында, оның ішінде билеттерді сату пункттерінде мемлекеттік тілде және орыс тілінде, ал қажет болған жағдайда басқа тілде көрнекі ақпарат орналастыру ұсынылады.</p> <p>«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңының 21-бабында ұсынылған түзетулермен үйлестіру мақсатында.</p>	
--	---	---	--	---	--	--

		мүмкін.	мүмкін.			
19.	1-баптың 4-тармағының бесінші абзацы <i>(«Теміржол көлігі туралы» ҚР Заңының 94-бабы 1-тармағының жаңа үшінші бөлігі)</i>	94-бап. Ақпарат, қызметтік іс қағаздарын жүргізу және байланыс 1. Тасымалдаушы жолаушыларға, жөнелтушілерге (жүк жөнелтушілерге), алушыларға (жүк алушыларға) тасымалдау жөнінде көрсетілетін қызметтер туралы қажетті және дұрыс ақпарат беруге міндетті. Теміржол станцияларында, вокзалдарда, және жолаушыларға, жөнелтушілер (жүк жөнелтушілер) мен алушыларға (жүк алушыларға) қызмет көрсетілетін басқа да орындарда ақпарат мемлекеттік тілде және орыс тілінде беріледі, сондай-ақ жергілікті халықтың	Ақпарат мәтіні «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес жазылады.	Мынадай редакцияда жазылсын: «Ақпарат мәтіні «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келуге тиіс. ».	Депутат Б. Әбдіғалиұлы, редакциясын нақтылау. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңының 21-бабының жаңа жетінші бөлігіне ұсынылған түзетумен үйлестіру мақсатында.	Қабылданды

		мүддесін отырып, тілдерде мүмкін. Жок.	ескере басқа деберілуі			
5. «Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы						
20.	1-баптың 5-тармағының үшінші абзацы <i>(«Автомобиль көлігі туралы» ҚР Заңының 19-2-бабы 4-тармағының 1) тармақшасы)</i>	19-12-бап. Жалпы ережелер ... 4. Қазақстан Республикасының нарығында автомобиль көлігін орналастыратын тұлға: 1) тұтынушының ықтимал тәуекелдерді бағалауы және тиісті қауіпсіздік шараларын қабылдауы үшін қажетті пайдалану құжаттамасын және басқа да ақпаратты мемлекеттік тілде және орыс тілінде ұсынуға;	«1) «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес жазылған тұтынушының ықтимал тәуекелдерді бағалауы және тиісті қауіпсіздік шараларын қабылдауы үшін қажетті пайдалану құжаттамасын және басқа да ақпаратты мемлекеттік тілде және орыс тілінде ұсынуға;».	«талаптарына сәйкес жазылған» деген сөздер «талаптарына сәйкес келетін» деген сөздермен ауыстырылсын;	Депутат Б. Әбдіғалиұлы, редакциясын нақтылау. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңының 21-бабының жаңа жетінші бөлігіне ұсынылған түзетумен үйлестіру мақсатында.	Қабылданды
21.	1-баптың 5-тармағының	21-1-бап. Автовокзалдардың, автостанциялардың	Жок.	Мынадай мазмұндағы жаңа төртінші – алтыншы	Депутаттар Ж.С. Әшімжанов, Б. Әбдіғалиұлы,	Қабылданды

	<p>төртінші – алтыншы абзацтары</p> <p>(«Автомобиль көлігі туралы» ҚР Заңының 21-1-бабының 3-тармағы)</p>	<p>және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің қызметін ұйымдастыру</p> <p>...</p> <p>3. Жок.</p>		<p>абзацтармен толықтырылсын:</p> <p>«__) 21-1-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:</p> <p>«3. Автовокзалдарда, автостанциялар мен жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінде, оның ішінде билет кассаларында ақпарат мемлекеттік тілде және орыс тілінде, қажет болған кезде басқа тілдерде де беріледі.</p> <p>Ақпарат мәтіні «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келуге тиіс.»»;</p>	<p>азаматтардың автомобиль тасымалдары кезінде мемлекеттік тілде және орыс тілінде, ал қажет болған жағдайда басқа да тілдерде ақпарат алу құқықтарын қорғау мақсатында.</p> <p>«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңының 21-бабында ұсынылған түзетулермен үйлестіру мақсатында.</p>	
22.	<p>1-баптың 5-тармағының төртінші – жетінші абзацтары</p>	<p>22-бап. Тасымалдаушының құқықтары мен міндеттері</p> <p>...</p> <p>2. Жолаушылардың</p>	Жок.	<p>Мынадай мазмұндағы жаңа төртінші – жетінші абзацтармен толықтырылсын:</p> <p>«__) 22-бапта:</p>	<p>Депутат Ж.С. Әшімжанов,</p> <p>автомобиль тасымалдары кезінде азаматтардың ақпаратты мемлекеттік тілде және</p>	Қабылданды

	<p>(«Авто-мобиль көлігі туралы» ҚР Заңының 22-бабы 2-тармағының 8-1) тармақшасы және 3-тармағының 3-1) тармақшасы)</p>	<p>және багаждың тұрақты автомобиль тасымалдарын жүзеге асыратын тасымалдаушы:</p> <p>... 8-1) жоқ; ... 10) ұлттық стандарттарды сақтауға міндетті.</p> <p>3. Жолаушылардың және багаждың тұрақты емес автомобиль тасымалдарын (таксиден басқа) жүзеге асыратын тасымалдаушы:</p> <p>... 3-1) жоқ; 4) ұлттық стандарттарды сақтауға міндетті.</p>		<p>2-тармақ мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын ұстау:</p> <p>«8-1) жолаушылар мен багаж тасымалдарын ұйымдастыру туралы ақпаратты «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес мемлекеттік тілде және орыс тілінде беруге;»;</p> <p>3-тармақ мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:</p> <p>«3-1) жолаушылар мен багаж тасымалдарын ұйымдастыру туралы ақпаратты «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан</p>	<p>орыс тілінде, ал қажет болған кезде ағылшын тілінде алу құқықтарын қорғау мақсатында.</p> <p>«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңының 21-бабына ұсынылған түзетулермен үйлестіру мақсатында.</p>	
--	--	--	--	---	--	--

				Республикасы Заңының талаптарына сәйкес мемлекеттік тілде және орыс тілінде беруге;»».		
6. «Жарнама туралы» 2003 жылғы 19 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы						
42.	1-баптың 11-тармағы 4) тармақшасының бірінші және екінші абзацтары («Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР Заңының 33-бабының 1-тармағы)	33-бап. Сатушының (дайындаушының, орындаушының) иелігінде бақылау-кассалық машинаның және омырау карточкасының болуы міндеттері 1. Сатушы (дайындаушы, орындаушы) бақылау-кассалық машинаны Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген тәртіппен және жағдайларда қолдануға міндетті. Сатушы (дайындаушы, орындаушы) бақылау-кассалық машиналар орналастырылған жерде тұтынушының бақылау (тауарлық) чегін алу қажеттігі және бақылау-кассалық машиналарын қолдану	4) 33-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын: «1. Сатушы (дайындаушы, орындаушы) бақылау-кассалық машинаны Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген тәртіппен және жағдайларда қолдануға міндетті. Сатушы (дайындаушы, орындаушы) бақылау-кассалық машиналар орналастырылған жерде тұтынушының бақылау (тауарлық) чегін алу қажеттігі және бақылау-кассалық машиналарды қолдану тәртібі бұзылған жағдайда оның мемлекеттік кіріс	Бірінші және екінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын: «4) 33-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:»;	Әлеуметтік-мәдени даму комитеті, заң техникасы; «Құқықтық актілер туралы» ҚР Заңының 24-бабы 3-тармағының екінші бөлігіне сәйкес келтіру.	Қабылданды

		тәртібі бұзылған жағдайда оның мемлекеттік кіріс органына жүгіну құқығы туралы қазақ және орыс тілдерінде ақпарат орналастырады.	органына жүгіну құқығы туралы «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес қазақ және орыс тілдерінде жазылған ақпарат орналастырады.».			
43.	1-баптың 11-тармағы 4) тармақшасының үшінші абзацы <i>(«Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР Заңының 33-бабы 1-тармағының екінші бөлігі)</i>	33-бап. Сатушының (дайындаушының, орындаушының) иелігінде бақылау-кассалық машинаның және омырау карточкасының болуы міндеттері 1. ... Сатушы (дайындаушы, орындаушы) бақылау-кассалық машиналар орналастырылған жерде тұтынушының бақылау (тауарлық) чегін алу қажеттігі және бақылау-кассалық машиналарды қолдану тәртібі бұзылған жағдайда оның мемлекеттік кіріс органына жүгіну құқығы туралы «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы	Сатушы (дайындаушы, орындаушы) бақылау-кассалық машиналар орналастырылған жерде тұтынушының бақылау (тауарлық) чегін алу қажеттігі және бақылау-кассалық машиналарды қолдану тәртібі бұзылған жағдайда оның мемлекеттік кіріс органына жүгіну құқығы туралы «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы	«талаптарына сәйкес қазақ және орыс тілдерінде жазылған» деген сөздер «талаптарына сәйкес келетін қазақ және орыс тілдеріндегі» деген сөздермен ауыстырылсын;	Депутат Б. Әбдіғалиұлы, редакциясын нақтылау. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңының 21-бабының жаңа жетінші бөлігіне ұсынылған түзетумен үйлестіру мақсатында.	Қабылданды

		тәртібі бұзылған жағдайда оның мемлекеттік кіріс органына жүгіну құқығы туралы қазақ және орыс тілдерінде ақпарат орналастырады.	Заңының талаптарына сәйкес қазақ және орыс тілдерінде жазылған ақпарат орналастырады.».			
__(жаңа). «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы						
44.	1-баптың жаңа __ тармағы <i>(«Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» ҚР Заңының 65-1-бабының 3-тармағы)</i>	65-1-бап. Аэровокзал ... 3. Аэровокзалдарда халық авиарейстердің ұшу және ұшып келу уақыты, авиабилет құны және олардың бар-жоқ екендігі, шұғыл медициналық көмек, шағымдар мен ұсыныстар кітапшасының тұрған орны, авиакассалардың жұмыс режимі, үй-жайлардың орналасуы, сондай-ақ халыққа көрсетілетін қызметтер тізбесі туралы анық	Жоқ.	Мынадай мазмұндағы жаңа __-тармақпен толықтырылсын: «__. «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына: 65-1-баптың 3-тармағында: бірінші бөлік «тізбесі туралы» деген сөздерден кейін «қазақ және орыс тілдеріндегі, қажет болған кезде	Депутат Б. Әбдіғалиұлы, редакциясын нақтылау, өйткені аэровокзалдарда жолаушыларға арналған ақпарат әуежайлардағы сияқты қазақ және орыс тілдерінде «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңының талаптарына сәйкес, сондай-ақ қажет болған кезде басқа тілдерде ұсынылуы тиіс.	Қабылданды

		<p>ақпаратпен қамтамасыз етіледі.</p> <p>Жоқ.</p> <p>Ақпаратты ұсыну тілдерді, мәтіндерді, Брайль қарпін, тактильдік қатынасты, ірі қаріпті, қолжетімді мультимедиялық құралдарды пайдалана отырып, мүгедектер үшін де қамтамасыз етіледі.</p>		<p>басқа тілдердегі де» деген сөздермен толықтырылсын; «мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын: «Ақпарат мәтіні «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келуге тиіс.»».</p> <p><i>(тармақтардың кейінгі нөмірленуі тиісінше өзгертілсін)</i></p>		
45.	<p>1-баптың жаңа __ - тармағы</p> <p><i>(«Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация</i></p>	<p>76-бап.</p> <p>Коммерциялық әуемен тасымалдау саласындағы негізгі ережелер</p> <p>...</p> <p>11. Әуежайларда және әуе кемелерінің бортында жолаушыларға ақпараттық-</p>	Жоқ.	<p>Мынадай мазмұндағы жаңа __ - тармақпен толықтырылсын:</p> <p>«__ . «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының</p>	<p>Депутат Ж.С. Әшімжанов, Б. Әбдіғалиұлы, редакциясын нақтылау, өйткені ақпараттық-анықтамалық ақпарат, ереже ретінде, аудио хабарлама әдісі болып табылады.</p> <p>Осыған байланысты, азаматтардың</p>	Қабылданды

	<p><i>қызметі туралы» ҚР Заңының 76-бабы 11-тармағының үшінші және төртінші бөліктері)</i></p>	<p>анықтамалық қызмет көрсету қазақ және орыс тілдерінде жүзеге асырылады.</p> <p>Қосымша басқа тілдерді пайдалануға жол беріледі.</p> <p>Жоқ.</p> <p>Жоқ.</p>		<p>Заңына: 76-баптың 11-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын: «Жолаушыларға қызмет көрсету орындарында, оның ішінде билеттер сатылатын пункттерде ақпарат қазақ және орыс тілдерінде, қажет болған кезде басқа тілдерде де беріледі. Ақпарат мәтіні «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келуге тиіс.»».</p> <p><i>(тармақтардың кейінгі нөмірленуі тиісінше өзгертілсін)</i></p>	<p>құқықтарын қорғау мақсатында жолаушыларға қызмет көрсету орындарында көрнекі ақпаратты мемлекеттік және орыс тілдерінде, ал қажет болған жағдайда басқа тілдерде орналастыру ұсынылады.</p> <p>Бұдан басқа, ұсыныс «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңының 21-бабына ұсынылған түзетулермен үйлестірілді.</p>	
--	--	--	--	--	--	--

___ (жаңа). «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» 2011 жылғы 11 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңы

46.	<p>1-баптың жаңа ___-тармағы</p> <p>(«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңының 1-бабының жаңа 1-1) тармақшасы және 4) тармақшасы, 3-бабының 5-тармағы, 5-бабының 7) тармақшасы, 6-бабының 3-тармағы, жаңа 7-1-бабы және 12-бабының 3-тармағы)</p>	<p>1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар</p> <p>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:</p> <p>...</p> <p>1-1) жоқ;</p> <p>...</p>	<p>Жоқ.</p>	<p>Мынадай мазмұндағы жаңа ___-тармақпен толықтырылсын:</p> <p>«__ . «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» 2011 жылғы 11 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына:</p> <p>1) 1-бапта: мынадай 1-1) тармақшамен толықтырылсын:</p> <p>«1-1) діни бірлестік – Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың өз мүдделерінің ортақтығы негізінде діни қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының</p>	<p>Депутаттар Б. Әбдіғалиұлы, Ж.С. Әшімжанов, Ж.Ә. Ахметбеков, И.Ю. Буларов, Ю.В. Жулин, З.А. Камасова, А.С. Үйсiмбаев, Заң техникасы, мемлекеттік тілдегі терминдерді әліпби ретімен орналастыру мақсатында.</p>	<p>Қабылданды</p>
-----	--	--	--------------------	---	--	--------------------------

		<p>4) діни бірлестік – Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың өз мүдделерінің ортақтығы негізінде діни қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен біріккен ерікті бірлестігі;</p> <p>...</p> <p>3-бап. Мемлекет және дін</p> <p>...</p> <p>5. Заңды діни қызметке кедергі келтіруге, жеке тұлғалардың дінге көзқарасы себептері</p>		<p>заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен біріккен ерікті бірлестігі;»;</p> <p>4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«4) діни мазмұндағы ақпараттық материал – мәтіндік сілтемелерді қоса алғанда, кез келген материалдық жеткізгіштегі діни сипаттағы баспалық, электрондық және өзге де ақпарат;»;</p> <p>2) 3-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«5. Заңды діни қызметке кедергі келтіруге, жеке және заңды тұлғалардың азаматтық</p>	<p>Заңнамада және «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР-ның Заңында «діни мазмұндағы ақпараттық материалдар» деген термин қолданылады. Бұл ретте, осы терминнің мазмұны заңды түрде ашылмаған, бұл сенушілер мен құқық қорғау ұйымдары тарапынан сын тудырады.</p> <p>БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі комитетінің 1993 ж. 27.09-тегі № 22 (48) ескертулерінің 2-тармағын 1966 ж. 16.12-дағы Азаматтық және саяси құқықтар туралы</p>	
--	--	---	--	---	--	--

		<p>бойынша азаматтық құқықтарының бұзылуына немесе олардың діни сезімдерін қорлауға, қандай да бір дінді ұстанушылар қастерлейтін заттарды, құрылыстар мен орындарды бүлдіруге жол берілмейді.</p> <p>5-бап. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы</p>		<p>құқықтарының бұзылуына немесе дінге көзқарасы немесе құдайға құлшылық ету, діни жоралар мен рәсімдерді орындау себептері бойынша дінге сенушілердің және (немесе) дінге сенбейтіндердің сезімдері мен қадір-қасиетін қорлауға, қандай да бір дінді ұстанушылар қастерлейтін заттарды, құрылыстар мен орындарды бүлдіруге жол берілмейді.»;</p>	<p>халықаралық пактінің 18-бабы бойынша сәйкес келтіру мақсатында. Көбінесе, іс жүзінде діни рәсімдерді толық көлемде орындамайтын азаматтар немесе атеистер «сенбейтіні», «күнәлілігі» үшін қорлауға, жәбірлеуге ұшырайды, бұл діни төзбеушіліктің көрінісі. Адамдардың радикалдануының бірден-бір себебі – азаматтардың сенімсіздігі, дінге сенбеушілігі және діни рәсімдерді сақтамағаны үшін айыптаудан қорқуы. Ұсынылып отырған түзету діни сенім бостандығына, оның ішінде өзін бірде-бір дінге жатқызбау бостандығына кепілдік берілген батыс елдерінің көпшілігінің тәжірибесіне сәйкес келеді. Әлемдік практикада діни</p>	
--	--	--	--	---	---	--

		<p>органдарының діни қызмет және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша құзыреті</p> <p>Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары діни қызмет және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша:</p> <p>...</p> <p>7) діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекітеді, сондай-ақ ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни іс-шаралар өткізуге арналған үй-жайлардың орналастырылуын</p>		<p>3) 5-баптың 7) тармақшасында: «ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни іс-шаралар өткізуге арналған үй-жайлардың орналастырылуын келіседі» деген сөздер «діни бірлестіктер берген ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни іс-шаралар өткізу</p>	<p>сенім бостандығы әдетті түрде өз діни мен нанымын таңдау, сондай-ақ атеистік дүниетанымды ұстану бостандығын қамтиды. («Ар-ождан бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Тәжікстан Республикасы Заңының 4-бабының 10-тармағы – адамды діндарлық немесе сенбеушілік, не дінсіздік себебі бойынша айыптауға тыйым салынады).</p> <p>Діни іс-шараларды ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде өткізудің рұқсат беру сипатынан хабарлама сипатына көшу ұсынылады.</p>	
--	--	--	--	--	---	--

	<p>келіседі; ...</p> <p>6-бап. Дінтану сараптамасы ...</p> <p>3. Дінтану сараптамасын дінтану саласында арнайы білімі бар адамдар, қажет болған жағдайда мемлекеттік органдардың өкілдерін және өзге де мамандарды тарта отырып, жүргізеді. ...</p> <p>7-1-бап. Жоқ.</p>		<p>туралы хабарламаларды қарайды» деген сөздермен ауыстырылсын;»;</p> <p>4) 6-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын: «3. Дінтану сараптамасын діни қызмет саласында арнайы білімі және (немесе) жұмыс тәжірибесі бар сарапшылар (мамандар), қажет болған кезде мемлекеттік органдардың өкілдерін және өзге де мамандарды тарта отырып, уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүргізеді.»;</p> <p>5) мынадай мазмұндағы 7-1-баппен толықтырылсын: «7-1-бап. Ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан)</p>	<p>«Дінтану» мамандығы кешенді болып саналады, ол дін туралы әртүрлі аспектілі мағлұматтарды біріктіреді. Дінтану сараптамасы дінтану мен білімнің басқа салаларының өзара байланысын ескере отырып, зерттеулердің кең ауқымын қамтиды, түйісу проблемаларын табуды және шешуді талап етеді. Осыған байланысты дінтану сараптамасын жүргізу кезінде өзге де салалардың мамандарын тарту қажеттігі туындайды. Діни іс-шараларды ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерде өткізудің рұқсат беру сипатынан хабарлама сипатына көшу ұсынылады.</p>	
--	---	--	--	--	--

				<p>тыс жерлерде діни іс-шаралар өткізу туралы хабарлама</p> <p>1. Діни бірлестік ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни іс-шаралар өткізу туралы хабарламаны (бұдан әрі – хабарлама) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органына қағаз жеткізгіште немесе электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған электрондық құжат нысанында, ол өткізілетін күнге дейін он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде береді.</p> <p>2. Хабарлама облыстың, республикалық</p>	
--	--	--	--	--	--

				<p>маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органында тіркелген күн хабарлама берілген күн болып табылады.</p> <p>3. Хабарламада мыналар көрсетіледі:</p> <p>1) мақсаты;</p> <p>2) діни бірлестіктің – ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни іс-шараларды ұйымдастырушының атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, діни бірлестіктің тұрған жері, байланыс деректері;</p> <p>3) діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды таратуға арналған арнайы тұрақты үй-жайлардың, сондай-ақ ғибадат үйлерінен</p>	
--	--	--	--	---	--

				<p>(ғимараттарынан) тыс жерлерде діни іс-шаралар өткізуге арналған үй-жайлардың орналасуын айқындау жөніндегі нұсқаулықта көзделген талаптарға сәйкес келетін ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерде діни іс-шаралар өткізуге арналған үй-жайлар немесе қозғалыс маршруттары;</p> <p>4) жоспарланатын күні, басталу және аяқталу уақыты;</p> <p>5) қатысушылардың болжамды саны;</p> <p>6) қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз етуге, медициналық көмекті және өзге де қажетті көмекті ұйымдастыруға жәрдемдесу шаралары;</p>	
--	--	--	--	---	--

				<p>7) дыбыс күшейткіш техникалық құралдарды, автомобиль көлігі құралдарын пайдалану ниеті;</p> <p>8) қажет болған жағдайда автомобиль көлігі құралдарының жалпы саны мен санаттары, маршруттың ұзындығын, басталу және аяқталу орнын қоса алғанда, олардың қозғалыс маршруты;</p> <p>9) діни бірлестік басшысының немесе өкілдерінің электрондық пошталық мекенжайы, ұялы байланысының абоненттік нөмірі;</p> <p>10) хабарламаның берілген күні.</p> <p>4. Хабарламаға діни бірлестіктің басшысы қол қояды.</p> <p>5. Діни бірлестіктің</p>	
--	--	--	--	---	--

				<p>басшысы хабарламада көрсетілген ақпараттың толықтығы мен анықтығы үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.</p> <p>6. Хабарлама осы баптың 3 және 4-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы өтініш берушіге хабарламаның қандай талаптарға сәйкес келмейтінін көрсетеді және хабарламаны алған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей өтініш берушіге сәйкессіздік</p>	
--	--	--	--	--	--

				<p>туралы шешімді мынадай тәсілдердің бірімен:</p> <ol style="list-style-type: none">1) қолма-қол;2) табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырысты пошта жөнелтілімі нысанында;3) электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат арқылы;4) діни бірлестік хабарламада көрсеткен электрондық пошта мекенжайы бойынша;5) діни бірлестік хабарламада көрсеткен ұялы байланыстың абоненттік нөмірі бойынша жібереді. <p>7. Діни бірлестік сәйкессіздік туралы шешімді алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде</p>	
--	--	--	--	--	--

				<p>облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органына қайталама хабарлама ұсынады.</p> <p>8. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни іс-шаралар өткізілгенге дейін күнтізбелік екі күннен кешіктірілмейтін мерзімде осындай діни іс-шараларды өткізуден мынадай:</p> <p>1) діни бірлестік хабарламаны жіберудің осы баптың 1-тармағында белгіленген мерзімдерін бұзған;</p> <p>2) хабарламаның осы баптың 3 және</p>	
--	--	--	--	--	--

		<p>12-бап. Діни бірлестіктердің мәртебесі</p> <p>...</p> <p>3. Кемінде екі облыстан, республикалық маңызы бар қалалардан және астанадан өкілдік ететін, олардың</p>	<p>4-тармақтарында көзделген талаптарға сәйкессіздік осы баптың 7-тармағында белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайларда бас тартады.</p> <p>Ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни іс-шаралар өткізуден бас тарту туралы шешім негізделген және уәжді болуға тиіс және оған Қазақстан Республикасының заңына сәйкес шағым жасалуы мүмкін.»;</p> <p>б) 12-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын: «3. Жалпы саны кемінде Қазақстан Республикасының бес жүз азаматы болатын кемінде екі жергілікті діни бірлестіктің бастамасы бойынша құрылған</p>	<p>Өңірлік діни бірлестіктерді тіркеу талаптарын жеңілдету ұсынылады.</p> <p>Өңірлік діни бірлестікті құру үшін әрбір жергілікті діни бірлестіктен 250 азамат болуға тиіс қолданыстағы сандық критерий елеулі</p>	
--	--	---	--	---	--

		<p>әрқайсысынан Қазақстан Республикасының кемінде екі жүз елу азаматы бар екі және одан да көп жергілікті діни бірлестіктердің қатысушылары (мүшелері) болып табылатын, Қазақстан Республикасының кемінде бес жүз азаматының бастамасы бойынша құрылған діни бірлестік өңірлік діни бірлестік болып танылады.</p> <p>Өңірлік діни бірлестіктер осы жергілікті діни бірлестіктердің қызметі аумағының шегінде құрылып, өз қызметін жүзеге асырады.</p>		<p>діни бірлестік өңірлік діни бірлестік деп танылады.</p> <p>Өңірлік діни бірлестіктер өңірлік діни бірлестіктерді құруға бастамашылық жасаған жергілікті діни бірлестіктер қызметі аумағының шегінде құрылады және өз қызметін жүзеге асырады.»».</p> <p><i>(тармақтардың кейінгі нөмірленуі тиісінше өзгертілсін)</i></p>	<p>қиындықтар туғызады. 500 азаматты тіркеу үшін жалпы критерийді белгілеу жеткілікті.</p>	
<p>__(жаңа). «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» 2016 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы</p>						
47.	1-баптың	22-бап. Уәкілетті	Жоқ.	Мынадай	Депутат	Қабыл-

	<p>жаңа ___-тармағы</p> <p>(«Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» ҚР Заңының 22-бабының 7) тармақшасы)</p>	<p>компания ұсынатын ақпарат</p> <p>1. Уәкілетті компания тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шартты жасасу мақсатында жүгінген жеке және заңды тұлғаларға танысу үшін мынадай:</p> <p>... 7) уәкілетті компанияның жер учаскесіне тиісті құқығын растайтын құжаттың болуы туралы ақпаратты ұсынады.</p>		<p>мазмұндағы жаңа ___-тармақпен толықтырылсын:</p> <p>«___. «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» 2016 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:</p> <p>22-баптың 1-тармағының 7) тармақшасы «құжаттың болуы туралы» деген сөздерден кейін «мемлекеттік тілдегі және орыс тіліндегі» деген сөздермен толықтырылсын.»».</p> <p>(тармақтардың кейінгі нөмірленуі тиісінше өзгертілсін)</p>	<p>Б. Әбдіғалиұлы, нақтылау және Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келтіру мақсатында.</p> <p>Іс жүзінде көптеген жағдайларда уәкілетті компаниялар ақпаратты тек орыс тілінде ұсынады. Ақпарат қазақ тілінде берілген жағдайда, ақпарат орыс тіліндегі мәтіннің көлемі, сапасы және теңтүпнұсқалығы бойынша сәйкес келмейді.</p> <p>Осыған байланысты, «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» ҚР Заңының нормаларын «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңының талаптарына сәйкес келтіру қажет.</p>	<p>данды</p>
--	---	---	--	--	--	---------------------

48.	<p>1-баптың жаңа ___ - тармағы</p> <p><i>(«Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» ҚР Заңының 22-бабының жаңа 5-тармағы)</i></p>	<p>22-бап. компания ақпарат ...</p> <p>5. Жоқ.</p>	<p>Уәкілетті ұсынатын</p> <p>Жоқ.</p>	<p>Мынадай мазмұндағы жаңа ___ - тармақпен толықтырылсын:</p> <p>«___ . «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» 2016 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:</p> <p>22-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:</p> <p>«5. Осы бапқа сәйкес берілуге жататын ақпарат «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келуге тиіс.»».</p> <p><i>(тармақтардың кейінгі нөмірленуі тиісінше өзгертілсін)</i></p>	<p>Депутат Б. Әбдіғалиұлы,</p> <p>«Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» ҚР Заңының нормаларын «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңының талаптарымен үйлестіру мақсатында.</p>	<p>Қабылданды</p>
-----	--	---	--	---	--	--------------------------

49.	<p>1-баптың жаңа __ - тармағы</p> <p>(«Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» ҚР Заңының 23-бабының екінші бөлігі)</p>	<p>23-бап. Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуды ұйымдастыруға байланысты жарнаманың ерекшеліктері</p> <p>Құрылыс салушы және (немесе) уәкілетті компания тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттар Бірыңғай оператормен кепілдік беру туралы шарт жасалғаннан немесе жергілікті атқарушы орган үлескерлердің ақшасын тартуға рұқсат бергеннен кейін ғана жасалатындығын көрсете отырып, көппәтерлі тұрғын үй құрылысы жобасының жарнамасын жүзеге асыруға құқылы. Жарнамада құрылыс салушы және уәкілетті компания туралы ақпарат қамтылуға</p>	<p>Жоқ.</p>	<p>Мынадай мазмұндағы жаңа __ - тармақпен толықтырылсын:</p> <p>«__ . «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» 2016 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:</p> <p>23-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:</p> <p>«Жарнама мәтіні «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келуге тиіс. Жарнама мазмұнының аудармасы оның негізгі мағынасын бұрмаламауға тиіс.»».</p> <p>(тармақтардың кейінгі нөмірленуі</p>	<p>Депутат Б. Әбдіғалиұлы, нақтылау және Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келтіру мақсатында.</p> <p>Іс жүзінде көптеген жағдайларда уәкілетті компаниялар ақпаратты тек орыс тілінде ұсынады. Ақпарат қазақ тілінде берілген жағдайда, ақпарат орыс тіліндегі мәтіннің көлемі, сапасы және теңтүпнұсқалығы бойынша сәйкес келмейді.</p> <p>Осыған байланысты, «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» ҚР Заңының нормаларын «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңының талаптарына сәйкес келтіру қажет.</p>	<p>Қабылданды</p>
-----	---	---	--------------------	---	--	--------------------------

		тиіс. Жоқ.		<i>тиісінше өзгертілсін)</i>		
50.	1-баптың жаңа ___ - тармағы («Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» ҚР Заңының 26-бабы 2-тармағының 7) тармақшасы)	26-бап. Бірыңғай оператордың құқықтары мен міндеттері ... 2. Бірыңғай оператор: ... 7) Бірыңғай оператордың ішкі құжаттарында айқындалған тәртіппен өзінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде кепілдік беру туралы шарттардың тізілімін ай сайын жариялап отыруға;	Жоқ.	Мынадай мазмұндағы жаңа ___ - тармақпен толықтырылсын: «___. «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» 2016 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына: 26-баптың 2-тармағының 7) тармақшасындағы «қазақ және орыс тілдерінде» деген сөздер «мемлекеттік тілде және орыс тілінде» деген сөздермен ауыстырылсын.». (тармақтардың кейінгі нөмірленуі тиісінше өзгертілсін)	Депутаттар Б. Әбдіғалиұлы, Қ.Ж. Иса, заң техникасы. Терминологияны осы Заңның 22-бабының 1-тармағы бойынша берілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің қорытындысына сәйкес келтіру.	Қабылданды

13. «Кинематография туралы» 2016 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы

51.	<p>1-баптың 13-тармағының үшінші, төртінші, бесінші және жетінші абзацтары</p> <p>(«Кинематография туралы» ҚР Заңының 9-бабының 3-тармағы)</p>	<p>9-бап. Фильмдерді прокаттау тілі</p> <p>...</p> <p>3. Прокатталуы шектеулі фильмдерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағындағы кинозалдар мен осы мақсаттарға арналған өзге де орындарда прокатталуы және көрсетілуі қазақ тілінде жүзеге асырылмайтын фильмдер қазақ тілінде дубляж жасалуға не субтитрленуге, не кадр сыртындағы аудармамен қамтамасыз етілуге тиіс.</p> <p align="center">Жоқ.</p>	<p>3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«3. Прокатталуы шектеулі фильмдерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағындағы кинозалдар мен осы мақсаттарға арналған өзге де орындарда прокатталуы және көрсетілуі қазақ тілінде жүзеге асырылмайтын фильмдер қазақ тілінде дубляж жасалуға не субтитрленуге, не кадр сыртындағы аудармамен қамтамасыз етілуге тиіс.</p> <p>Фильмдерді қазақ тілінде дубляж жасауда, субтитрлеуде не кадр сыртындағы</p>	<p>Үшінші және төртінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырылсын:»;</p> <p>бесінші абзац «қамтамасыз етуде» деген сөздерден кейін «сөйлемдегі» деген</p>	<p>Әлеуметтік-мәдени даму комитеті, заң техникасы. Осы құрылымдық элементке енгізілетін басқа өзгерістердің болмауына байланысты.</p>	<p align="center">Қабылданды</p>
-----	--	--	---	---	--	---

		<p>Жоқ.</p> <p>Телеарналарда фильмдерді прокаттау және көрсету Қазақстан Республикасының телерадио хабарларын тарату туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.</p>	<p>аудармамен қамтамасыз етуде сөздердің орын тәртібі, дұрыс құрастырылуы және дыбысталуы сақталуға тиіс. Субтитрлеу орфография нормаларына сәйкес жазылады.</p> <p>Дубляж жасаудың, субтитрлеудің мазмұнын аудару не кадр сыртындағы аудармамен қамтамасыз ету олардың негізгі мағынасын бұрмаламауға тиіс.</p> <p>Телеарналарда фильмдерді прокаттау және көрсету Қазақстан Республикасының телерадио хабарларын тарату туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.»;</p>	<p>сөзбен толықтырлсын;</p> <p>жетінші абзацы алып тасталсын;</p>		
52.	1-баптың 13-тармағы-	9-бап. Фильмдерді прокаттау тілі	5-тармақ мынадай редакцияда	сегізінші және тоғызыншы абзацтар	Әлеуметтік-мәдени даму комитеті,	Қабылданды

	ның сегізінші және тоғызыншы абзацтары («Кинематография туралы» ҚР Заңының 9-бабының 5-тармағы)	... 5. Егер Қазақстан Республикасында шығарылған фильмде қазақ тілімен қатар басқа да тілдер қолданылған жағдайда, оны прокаттауды және көрсетуді жүзеге асыру кезінде басқа тілдердегі мәтін қазақ тілінде субтитрленуге не кадр сыртындағы аудармамен қамтамасыз етілуге тиіс.	жазылсын: «5. Егер Қазақстан Республикасында шығарылған фильмде қазақ тілімен қатар басқа да тілдер қолданылған жағдайда, оны прокаттауды және көрсетуді жүзеге асыру кезінде басқа тілдердегі мәтін қазақ тілінде субтитрленуге не кадр сыртындағы аудармамен қамтамасыз етілуге тиіс.».	мынадай редакцияда жазылсын: «5-тармақта орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.».	заң техникасы.	
53.	2-бап		2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.	Жобаның 2-тармағы «Осы Заң» деген сөздерден кейін «2022 жылғы 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізілетін осы Заңның 1-бабы 11-тармағы 2) тармақшасының төртінші абзацын («Тұтынушылардың құқықтарын қорғау	Депутат С.А. Симонов, Қазіргі кезде «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» 2010 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабы 3-1-тармағының редакциясында ақпарат қазақ және (немесе) орыс тілдерінде орналастырылатыны туралы	Қабылданды

				<p>туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 3-1-тармағы) қоспағанда,» деген сөздермен толықтырылсын.</p>	<p>айтылған. Ұсынылып отырған өзгерістерде ақпарат қазақ және орыс тілдерінде орналастырылатыны көрсетіліп отыр. Аталған талапты орындау үшін шағын және орта бизнеске сатылатын тауарларға сапалы аударма жүргізу қажет болады (онлайн аударма қолданылмау керек, олар қате аудармаға және тиісінше сатушының жауаптылығы мен халықтың сапасыз аударма бойынша наразылығына алып келеді), бұл пандемия кезеңінде бизнес үшін барынша күрделі материалдық шығындарға алып келеді. Бұл ретте кәсіпкер неғұрлым көп тауар өткізсе, аудару үшін оның шығындары да соғұрлым көп болады. Тауарлардың жіктелуі мен олардың күрделілігін де ескеру</p>	
--	--	--	--	---	---	--

					<p>қажет.</p> <p>Бұған қоса, пандемия кезеңінде бизнестің, кәсіпкерлердің онлайн режиміне өтуіне мәжбүр болған жағдайда шығындары – сайттарды техникалық іске асыру, онлайн төлемдер және т.б. шығындары бар.</p> <p>Тұтастай алғанда, өкінішке орай, пандемия кезеңінде бұл міндетті электрондық саудаға енгізудің қаупі бар. Осылайша, шағын және орта бизнес үнемдеу мақсатында шетелдік алаңдарға барып, тілдер туралы талаптар жоқ осы платформалардан тауарлар сататын болады. Ақша шетелдік алаңдарға кететін болады, ал шетелдік ойыншылар біздің бизнесті бақылауға алатын болады.</p> <p>Пандемияны ескере отырып, бизнесті онлайн саудаға трансформациялау кезеңінен өту үшін</p>	
--	--	--	--	--	--	--

					осы талапты енгізу мерзімін 2022 жылғы 1 наурыздан бастап қарастыруды сұраймыз.	
54.	2-бап		2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.	Жобаның 2-бабы « Осы Заң » деген сөздерден кейін «, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне тиісті өзгерістер мен толықтырулар қолданысқа енгізілген күннен кейін қолданысқа енгізілетін осы Заңның 1-бабы ___-тармағының ___) тармақшасын қоспағанда, » (« <i>Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы</i> » <i>Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 5-тармағы</i>) деген сөздермен толықтырылсын.	Депутаттар Б. Әбдіғалиұлы, Ж.С. Әшімжанов, Ж.Ә. Ахметбеков, И.Ю. Буларов, Ю.В. Жулин, З.А. Камасова, Заң техникасы. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңының 3-бабының 5-тармағына ұсынылған өзгерістерді ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің нормаларына сәйкес келтіру мақсатында. ӘҚБтК-нің 1-бабы 2-1-бөлігінің талаптары ескеріле отырып, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 490-бабының екінші бөлігіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етіледі.	Қабылданды

					Осыған байланысты аталған түзетуді енгізу мерзімін ӘҚБтК-мен байланыстыру ұсынылады.	
--	--	--	--	--	--	--

Заң жобасының мәтіні заң техникасы қағидаларына және әдеби тіл нормаларына сәйкес келтірілсін.

Комитет төрайымы

Ж. Нұрманбетова



Дүркіс:

*Құжаттамамен қамтамасыз ету
бөлімінің сектор меңгерушісі
Майя Н. Шағантаев.*